

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЕЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА

ҚР ӨҒА АКАДЕМИГІ, САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР Г.Н. ИРЕНОВТЫҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛДІҢ» МАТЕРИАЛДАРЫ,

25 ҚАЗАН 2013 Ж.

МАТЕРИАЛЫ
«КРҮГІНГО СТОЛА», ПОСВЯЩЕННОГО 75-ЛЕТИЮ АКАДЕМИКА АСН РК,
ДОКТОРА ПОЛИТИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА Г.Н. ИРЕНОВА,
25 ОКТЯБРЯ 2013 Г.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Павлодар облысының әкімі Е.М. Арын алғы сөзі	81
С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры С.М. Өмірбаевтың ашылу сөзі	84
Қ. Зағыпбаров Үлкен ғалым, білікті ұстаз еді	90
Л. Ю. Зайниева Международный аспект государственной молодежной политики	94
С.Ш. Мұстағаев, А.А. Ақнишев Әлемдік тәжірибелері этносаясаттың тұжырымдамалары	98
С.Ш. Мұстағаев, И.А. Қалиев Өркениеттер диалогын дамытудағы Қазақстанның ролі	101
К. Марданов, А. Садуов, М. Абдрахманов, А. Аженов О тебе, друг; Габит, наши воспоминания	103
Н.А. Кебина К обретению смысла жизни	106
Ж.К. Сымтиков Языковая политика в контексте развития полиязычного образования	110
Т.Н. Зозуля, С.М. Сақенова Маргинальный человек и социальная мобильность	115
Т. Н. Зозуля, Е. Гаркава Межнациональные браки: состояние, тенденции	118
М.А. Алтыбасарова, А.М. Ахметов Использование потенциала СМИ в предупреждении экстремизма	125
М.А. Сулейменов Проблемы формирования правовой культуры в условиях социальной модернизации общества	132
Г.Ж. Ельмуратов Роль среднего класса в социально-политических событиях нового и новейшего времени	150
Т.Э. Воронова Потенциальные угрозы для развития Казахстана, как состоявшегося государства	161
Т.Н. Чумаченко Динамика изменения имиджа стран Восточной Африки в современной геополитике в конце XX - начале XXI века	166
А.Т. Vaiturbayeva Working with the media	171
Б.Н. Абдрахманов Правовая основа ипотечного кредитования в Казахстане: правовой аспект	176

Д.Ш. Айтқиев Тарихтағы тау тұлға - академик Токмұхамед Сәлменұлы Садықов	81
С.В. Аншенина Роль СМИ в формировании межнациональных отношений	84
Г.М. Толмстова К вопросу о развитии рабочего движения в 1885-1905 гг.	90
Г.Т. Шамшудинова Социально-экономические изменения в стране и их влияние на демографическую ситуацию (региональный аспект)	94
А.М. Турлыбекова Основные направления национальной политики Республики Казахстан	98
Д.А. Франк Сирийский конфликт: риски и влияние на Казахстан	101
Г.Т. Артықбаева Этносаралық және конфессияаралық келісім – Қазақстан қоғамының тұрақты дамуының кепілі	103
А.А. Жакничева Ұлттық мәдениетпен тәрбиені жанғыртаудағы мұражайдың ролі	106
Л.С. Дубовицкая О некоторых проблемах развития местного самоуправления в Республике Казахстан	110
Г.М. Каппасова О некоторых аспектах понятия «государственность»	115

«авославиенің тарихи жолының діни аспектілері: мұрағаттар, қайлар рттеу әдістемесі» аймақтық ғылыми конференциясының материалдары «Дайырлов атындағы ПМУ, 2004

5 Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігінің ресми сайты <http://din.gov.kz/rus/index.php>

6 Сколько конфессий в Казахстане? <http://www.regnum.ru/news/society/1586114.html#ixzz2AIKk14Pt>

ӨОЖ 069.1(574)

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТПЕН ТӘРБИЕНІ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МҰРАЖАЙДЫҢ РӨЛІ

А.А. ЖАКИШЕВА

Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ.

Мұражай әрбір халықтың рухани байлығы, тарихы, өмір сүру салғы, тілі, діні, тәлім-тәрбиелік даналығы, ұрпақтар сабақтастығының арқауы, рухани азығының қайнар бұлағы болып табылады.

Бүгінгі таңдағы Отандық білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі – халқымыздың төл мәдениетіне, рухани қазынасынан нәр алған білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, дарынды, отансүйгіш тұлғаның қалыптасуы. Елбасының «Қазақстанның жас азаматы білімді, әлемдік жаңалықтарға құшағы айқара ашық болып, өзінің салт-дәстүрі мен тұл-тамырын білуі керек», – деген сөзі оқыту-тәрбиелеудегі түпкі мақсат пен күтер нәтижені айқын менсеп, көрсетеді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының бағытымен білім берудің мәдени, тарихи-дүниетанымдық, руханилық қырлары әлеуметтендірудегі құнды жүйелер ретінде танылады. Бүгінгі қоғамда жоғарыда аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асырудың мол мүмкіндіктері ашылған.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей: «Адамзат тарихының күретамыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретамыры – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Бұл бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын, өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін дарадап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деген. Адамзат ұрпағы басынан кешкен замандарды көз алдыңызға елестетіп, оны көңілге түйгіңіз келсе, жарқын болашаққа нық сеніммен ой жүгірткіңіз келсе, әрине, ең алдымен, мұражайға кіріп, ондағы жәдігерлердің сырына үнілудің маңызы зор. Ата-бабалардың өмірлерінде ұстап-тұтылған бұйымдарын

таңдай қағып тамашалап, өткенге сәлауат айтып, қиснеті дұрығи бабалар мұрасынан тағылым мен тәрбие нәріні алып шығатыныңыз ашық. Мұражай – табиғат пен адамның қоғамының дамуы туралы білімнің алғашқы деректемесі материалдық жою рухани мәдениет ескерткіштерін табиғат коллекциялары мен тарихи нұсқаларды жинақтау, сақтау, зерттеу, жәдігерлерін халыққа көрсетіп, насихаттау қызметін атқаратын ғылыми мекен. Мұражай жәдігерлері ғылым мен өндірістің алуан түрлі салаларын қамтиды. Мұражай – тарих, мұражай – шежіре. Мұражай – білім-ғылым. Сан салалы өнер мен ғылым қоспасы – мұражай. Мәдениетті елдерде әрбір мұражайдың тарихы жазылып жинақталады. Қазіргі таңда дамыған өркениетті мемлекеттердің көбісі өз мұражайларының сән-салтанатын арттыру арқылы әлемге есіктерін айқара ашып отыр. Расында да, мұражай ұлттық мәдениеттің кірер есігі, қара шаңырағы іспетті. Көне жәдігерлер мекенінің босағасынан аттаған қарапайым адамнан бастап, лауазымды тұлғалар болсын, мемлекет басшылары немесе шетелдік қонақтар елдің, халықтың бай құнарлы мәдениеті жөнінде түсінік алады. Мұражай тек құндылықтар сақтайтын қойма немесе сол құндылықтарды көрсететін көрме ғана емес. Ең алдымен, ол – ұлттық ғылыми-зерттеу мекемесі. Осы орайда Павлодар қаласының Г.Н.Потанин атындағы мұражайдың аймақтағы танымалдық елге ұрпаққа мәдени таным мен ұлттық жәдігерлерді жинақтап зерттеу арқылы өз үлесін қосып келеді. Мұражайдағы тарихи ескерткіштер болашақ жастарды патриоттық рухта, өз елінің тарихын, салт-дәстүрін білуде өз септігін тигізуде. Инновациялық Еуразия университетінің «Қоғамдық-тарихи пәндер» кафедрасы осы аталмыш мұражаймен тығыз қарым-қатынас жасап, байланысын үзген емес.

Тарихты білу – өзінің, отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды. Ал мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтей де, сыйлай да алмайды. Осы жағдайлардың бәрі туған өлкенің тарихын зерттеудің, оған тарихшы-студенттердің белсене қатыстырудың қажеттігін дәлелдейді. Сондықтан да болар қазіргі таңда туған өлке тарихын зерттеудің, оның материалдарын оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың мол тәжірибесі жинақталған.

Тарихты оқыту әдістемесі, тарихи өлкетану сияқты пәндерді оқыту барысында жүргізілетін өлкетану жұмыстары яғни туған өлкенің тарихын зерттеу, соның нәтижесінде жиналған материалдарды оқу-тәрбие жұмыстарында жоспарлы, жүйелі түрде пайдалану аса маңызды. Болашақ тарихшы-ұстаз маман ретінде дайындауда, өлкетану мұражай тарихын тереңік біліп шықса, болашақта еңбек жолында мұндай атқарылып істерді тарих салымында пайдаланып отырса, онда осы пәнді оқытудың алдына қойылған үні міндетті, білімдік, тәрбиелік, дамытушылықты ойдағыдай жүзеге асыруға үлге қосары сөзсіз. Қазақстанның тәуелсіз Республика болып жариялануы, халыққа білім беру саласындағы он өмірістер, әсіресе мектептің оқу жоспарына Қазақстан тарихының дербес оқу пәні ретінде ендірілуі, оның жаңа бағдарламалары мен оқулықтарының көп таралымымен, әрі бірнеше рет басылып шығуы мектептердегі

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Тілдарын» тілдерді оқыту инновациялық технологияларының
әдістемелік орталығы» жеке мекемесі



**«Қазақстан – 2050» сәйкес көптілділік қоғамның
қалыптасуындағы инновациялық технологиялардың
және тілдерді оқытудың түрлері»**

**«Көптілді кеңістіктегі билингвалдық
және көптілді оқытудың модельдері»**

«Көптілді білім беру – уақыттың талабы»



Мазмұны

Апирова А.Т.

Инновациялық технологияларды оқу үдерісіне пайдалану

Әбдірсілова А.К.

Ақпараттық технологияны тиімді қолдану

Әлиева Б.Ш.

Көптілдік – заман талабы

Жақипова А.А.

Ынтымақ пен бірлік – ұлтаралық келісім кепілі

Жумағұлова А.Ж.

Көптілдік – заман талабы

Қалымбет Б.Ә.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының Алматы қаласы бойынша орындау барысы туралы

Қарабаева Х.Ә.

«Қазақстан – 2050» стратегиясының басым бағыттары: үшпұтғырлы тіл

Қарыбаева С.Е.

Мемлекеттік тілді оқытудағы инновациялық технологиялардың қажеттілігі

Қожахметова Г.А.

Екінші тілді меңгерудегу қостілдік

Қоянбекова С.Б.

Қазақстан республикасындағы тіл саясаты: көптілділік және мемлекеттік тіл мәртебесі

Нұрахмет С.М.

Үшпұтғырлы тілді оқыту барысында мемлекеттік тілдің мүмкіндігін молайту

Өмірбекова Р.Қ.

Кәсіби – бағдарлы қазақ тілін оқыту – заманауи білім беру үдерісінің басты талабы

Рысбаева Г.Қ.

Амیرжанова Р.А.

Мыңжасарова С.Т.

Үшпұтғырлы тіл» идеясының құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену

Сәрсенбай Ж.А.

Үшпұтғырлы тіл саясаты – ел білімін таныту жолы

Түсіпқалиева Р.К.

Тіл – біздің рухани негізіміз

Ақбердиева Д.Ф.

Полиязычие как один из факторов эффективной социализации будущих специалистов в современном будущем

Алина М.Х.

Особенности русской речи в полиязычном казахстане

Асылбек Б.Б.

Создание программного обеспечения обучения казахскому языку по методике «Тілдарын» для планшетных компьютеров iPad

Балтынова А.Ш.

Спецификация лингвопрофессиональной подготовки будущих медицинских работников

Бейсембаев А.Р.

Системный подход к полиязычному образованию

Гаурнова Г.М.

Культурный компонент в обучении иностранного языка

Жанарова М.К.

Мировые тенденции мультилингвального и билингвального образования

Жармаубекова Ш.К.

Перспективы развития мультилингвального образования в Казахстане

Жағытаева Б.К.

Повышение образования в профессионально – ориентированной подготовке специалистов

Жезунова Р.Ф.

Современные методики обучения языкам в полиязычном пространстве

Жезунова Ш.К.

Инновационные технологии при обучении английскому языку

Кабрабаева А.Ж.

Роль учителя в освоении формирования современной коммуникативной личности

Кутуббаева М.

Успешные коммуникативной компетенции будущих специалистов в условиях полиязычия

Литвиц Н.Н.

Психологическая адаптация в поликультурном пространстве Казахстана

Мурзабаева А.

Успехи преподавания в системе языковых форм русского и узбекского языков

Мурзаева Е.А.

Успехи преподавания в системе языковых форм русского и узбекского языков

Көптіңді тұлғаны дамытуда тілді дамыту, ойлау, коммуникативті байланыс және ойлау қабілетін дамыту арқылы кез-келген ортада өзін еркін ұстап, нық сеніммен жүре алатын тұлға тәрбиелеп шығару.

«Жеті тілді білген, жеті қат жер астындағын біледі» немесе «Жеті жұрттың тілін біл, жетпіс түрлі білім біл» - деген ата-бабамыз сол ерте заманда көретіндік көрсетіп, көп тілді білудің маңыздылығын атап көрсетіп, келешек ұрпаққа басқа ұлт тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін үйренуге өсиет еткен.

«Өз тілін – бірлік үшін, өзге тіл тірілік үшін» дегенді көптіңді азаматтың көп нәрсеге қол жеткізетіндігі, басқаларға қарағанда бәсекеге қабілетті, қалаған жерінде жұмыс істей, қай елге барса да еркін сөйлеп, өзінің ойын айта алатындығын көрсетеді. Нарықтық экономиканың дамуы, бизнес саласының ауқымының кеңеюі, әртүрлі елдер арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынастың өсуі қазақстандықтардың алдына жаңа талаптар бағыт-бағдар, жоспарлар қояды және азаматтар көптіңді меңгеруі бұл заман талабы екенін түсіне білу керек. Қазір қоғамның қай саласы болмасын көптіңді білу өмір талабы, мысқазіргі кезде медицина саласында дәрігерлердің ағылшын тілін білуі алғы шарт болып тұр, жаңа мед аспаптармен, апаратын жұмыс істеу, дамыған елдердің озық тәжірибесін алуға, коммуникацияға түсуге ең керекті басқа тілдерді білу, түсіну.

«Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ұртып қалған қазақ жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқасында бар боюымен жеткен тұл-тұнық, мөл-мөңдір қазақ тілі» Н. Назарбаев. Елбасымыздың пікіріне сыйып тұрған мөл-мөңдір, тұл-тұнық бай тілімізді әлемдік тілдер қатарына қосып, мәртебесін арттырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

ЫНТЫМАҚ ПЕН БІРЛІК – ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ КЕПІЛІ

Жақишева А.А.
магистр социолог, старший преподаватель
Инновационного Евразийского университета

Біздің еліміз – Қазақстан өте қарқынды дамып келе жатқан және Орталық Азия елдері ішінде ешқандай да ұлтаралық және конфессияаралық жанжал болмаған бірден бір тәуелсіз бейбіт ел екенін бүкіл әлем мойындап отыр. Ұлтаралық келісім мемлекеттердің ішкі саяси тұрақтылығын қампастырады. Еліміздегі этномәдени бірлестіктердің жұмыс істеуі осының айғағындай. Бұл қоғамдық бірлестіктердің негізгі мақсаты-әр ұлттың ана тіл, мәдениеті және әдет-ғұрыптарын сақтап, елімізде өмір сүретін әрбір этностың бойында отансүйгіштік сезімді берік қалыптастырып, этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін нығайту. Қазақ халқы Ассамблеясының 19-сессиясында Елбасы Н.Назарбаев мемлекеттік органдардың этномәдени бірлестіктермен өзара іс-қимылын жетілдіру және көршілес мемлекеттермен мәдени іс-шаралар-ды өткізуге басымдық беру мәселесін айтып өткен болатын. Осы орайда Қазақстанда өзге ұлттардың ана тілі мен салт-дәстүрін, төл өнері мен мәдениетін жаңғыртуына қолайлы жағдай жасалғанын айрықша атап өту керек. Қазақстандағы ұлтаралық достықтың алтын діңгегін қампастыру да Хұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында деп білеміз. Қазір көптеген ел Қазақстандағы ұлттардың берік достығы мен татулығына қолынан та, қызғынып та қарайды.

Мұндай модельдің ұтымды тұстарын өздерінде қолдануды қалайтыны сөзсіз. Қызық қолы бауырмал ел, бір үзім наным бөліп жеп, өзге ұлттың быласын жатығыбай бауырына онып, жомалыққа тезіп келген халық. Тарихқа ой жүгіртсек не бір қиындықты басынан өткерсе де, шындамалық пен төзімділік, бауырмалдық қасиеттерден арылған емеу Демек, біздің тәуелсіз Қазақстанның достықтың мекеніне айналғанына бәрімізде сүйсініп, мақтана аламыз.

Қазақстан – көп ұлтты, ынтымақты мемлекет. Ешкімді нәсіліне, діні мен тіліне және ата-дәстүр ұстанымына бөліп жармастан, шын құрметтеу арқылы бүкіл әлемге достық пен бірліктің нағыз үлгісін көрсетіп отыр. Әрбір Қазақстандық ортақ Отанымызға мамыражай тіршілік кешсе, ол-бәріміз үшін тыныш кмірдің кешілі. Халықтар арасындағы татулық пен бірліктің арқасында ғана Қазақстан өлпегі кезеңдегі қиындықтарды жеңіп, тәуелсіздігін нығайтты, экономиканы қарқынды дамыту арқылы азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік алды. Ұлтаралық келісімді биік дәрежеге көтеруде Қазақстан халқы Ассамблеясының қосқан үлесі зор. Павлодар облысындағы бірлестіктер қарқынды дамып, қанат жайып бүгінгі таңда аймақтағы әр түрлі ұлттық-мәдени орталықтардың халықтардың тілін, дінін, мәдениетін, дәстүрін жаңғыртуға қосып отырған үлесі зор. Әсіресе, ұлтаралық татулық, қазақстандық патриотизмді нығайтуға қосқан үлесіне ерекше тоқталуға болады. Елбасымыздың жарлығымен 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі болып жарияланды. Бұл мейрам газырлар бойы қазақтың сайын деласын мекен өткен 130-дан аса ұлт пен ұлыстың ынтымағын нығайтып, арман-тілегін бір арнаға тоғыстырған күшті құралға айналды. Елбасымыздың мына бір сөздері осыны айғақтайдай... қазақтар- Қазақстандағы мемлекет құрушы ұлт, сондықтан басқа ұлт өкілдері мемлекет құрушы ұлтқа, оның тілі мен мәдениетіне аса бір сыйластықпен қарауы керек деген болатын. Елімізде этносаяси процестің негізгі субъектісіне мемлекет, Қазақстанның халықтарының Ассамблеясы, азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестіктері, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар жағатады. Ассамблея туралы айтқаны болсақ, бұл- конституциялық мәртебесі бар консультативтік кеңес беруші ұйым. Қоғамдағы рөл де жыл сайын артып келеді. Ассамблея-ұлтаралық жарасым мен дінаралық татулықты нығайтушылық миссиясымен атқарушы, заң шығарушы билікке, қоғамдық бірлестікке арнаған етін отыр. Сол сияқты ол елдегі барлық этностардың мақсат-мүдделерін қорғайды, олардың дамуын жалға саяси, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы негізінде Республикада әрбір азаматтың қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жағатынын ерн ұтыруға және оны көрсетуге немесе көрсетпеуге болады. Өркімінің ана тілі мен өзінің тілі мен мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас тілін, тәрбиені, оқуды және шығармашылықты ерн таңдау оғуға құқығы бар. Ата заңымыздың 14-бабында көрсетілгендей: «1. Заң мен ерн заңдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жанымына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ерекшелік көрсетуге болмайды» деп атап жазылған.

Қазақстандағы 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдері өмір сүріп жатыр, олардың әрқайсысы өз тілін, дәстүрін, әдет-ғұрыпын, мәдениетіне сай тәрбиелену бұл табиғи заңдылық. Сондықтан біз өзге ұлт өкілдерін кемсітпеуіміз, шатастыруымыз қажет. Қазақ елінде мекендеуші халықтың санасында «ұлт-жандылық», «этнофобия», «этнофобиялық мақтанш» сияқты сезімдерін оятып, патриоттық рухта қампастыруымыз жоқ. Республиканың гүлденуі, дамуы оның саяси, экономикалық, мәдениеттік, ымырауы ғылыми-технологияның мәдени жетістіктерімен байланысты. Сонда ғана әрбір адамға да ауқатты, жақсы тұратын болады. Сондықтан мұнда тұрған әр қазақстанның өзінің жолы Қазақстанның аймақ, елді мекеннің табысына қуанып, аябай еңбек етуі үлесі көп керектігін сезінуі тиіс. Мұның бәрі әрине елбасымыздың салиқалы саясаты нәтижесінде жүзеге келіп та келеді. Тек күш-жігер, қайрат, талшыныс, сенім болғаны. Біз өмір сүріп жатқан құмалық қоғамның ең жоғарғы құндылығы-адам. Мұнда қай ұлт-ұлысы, елге жағатыны есептелмейді, бөліп жармаймыз. Тілеуі мен тілегі бір, ортақ Отанымыздың бұл өмірі көршілес елбесек етсек болғаны.

Біздің мәдениетіміз- Қазақстанның ұлттық-мәдени алуан түрлілігін сақтау, этникалық өміріне ерекшелігін дамыту, бейбітшілікте өмір сүру. Сонда ғана еліміз ұлтаралық келісімге келіп, қоғамдық-өмір алушы тұрақты ел болып, әлемде беделі арта түсері сөзсіз.

04/17 2014

Дүниетаным: Өлкені тану мұражайдан басталады

Рейтинг


-
- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

Жарияланды: Жаңалықтар

- қаріп мөлшері
- Басып шығару
- Жіберу

Мұражай әрбір халықтың рухани байлығы, тарихы, өмір сүру салты, тілі, тәлім-тәрбиелік даналығы, ұрпақтар сабақтастығының арқауы, рухани азығының қайнар бұлағы болып табылады.

Бүгінгі таңдағы Отандық білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі – халқымыздың төл мәдениетінен, рухани қазынасынан нәр алған білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, дарынды, отансүйгіш тұлғаның қалыптасуы.



Елбасының «Қазақстанның жас азаматы білімді, әлемдік жаңалықтарға құшағы айқара ашық болып, өзінің салт-дәстүрі мен түп-тамырын білуі керек», – деген сөзі оқыту-тәрбиелеудегі түпкі мақсат пен күтер нәтижені айқын меңзеп, көрсетеді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының бағытымен білім берудің мәдени, тарихи-дүниетанымдық, руханилық қырлары әлеуметтендірудегі құнды жүйелер ретінде танылады. Бүгінгі қоғамда жоғарыда аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асырудың мол мүмкіндіктері ашылған.

Мұражай – білім-ғылым. Сан-салалы өнер мен ғылым қоспасы – мұражай. Мәдениетті елдерде әрбір мұражайдың тарихы жазылып жинақталады. Қазіргі таңда дамыған өркениетті мемлекеттердің көбісі өз мұражайларының сән-салтанатын арттыру арқылы әлемге есіктерін айқара ашып отыр. Расында да, мұражай ұлттық мәдениеттің кірер есігі,

кара шаңырағы іспетті. Көне жәдігерлер мекенінің босағасынан аттаған қарапайым адамнан бастап, лауазымды тұлғалар болсын, мемлекет басшылары немесе шетелдік қонақтар елдің, халықтың бай құнарлы мәдениеті жөнінде түсінік алады. Мұражай тек құндылықтар сақтайтын қойма немесе сол құндылықтарды көрсететін көрме ғана емес. Ең алдымен, ол – ұлттық ғылыми-зерттеу мекемесі. Осы орайда Павлодар қаласының Г.Н.Потанин атындағы мұражайдың аймақтағы танымал, өскелең ұрпаққа мәдени таным мен ұлттық жәдігерлерді жинақтап зерттеу арқылы өз үлесін қосып келеді. Мұражайдағы тарихи ескерткіштер болашақ жастарды патриоттық рухта, өз елінің тарихын, салт-дәстүрін білуде өз септігін тигізуде. Инновациялық Еуразия университетінің «Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасы осы аталмыш мұражаймен тығыз қарым-қатынас жасап, байланысын үзген емес. Осы орайда Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында студенттердің білім деңгейлерін тереңдете түсуде мұражайдың берері мол. Университетіміздің ХТОВ-101, ТМО-101 тобының студенттері жуырда мұражайға барып, ондағы жәдігерлермен кеңінен танысты.

Тарихты білу — өзінің, отбасының, әулетінің, туып-өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды. Ал мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтей де, сыйлай да алмайды. Осы жағдайлардың бәрі туған өлкенің тарихын зерттеудің, оған студенттердің белсене қатыстырудың қажеттігін дәлелдейді. Сондықтан да болар қазіргі таңда туған өлке тарихын зерттеудің, оның материалдарын оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың мол тәжірибесі жинақталған.

Жастардың тәрбие мәселесі қоғам үшін әр уақытта өзекті болып келген. Адамзат жаһандану мен ақпарат дәуіріне, әлем шексіз шындыққа, ал өнер - адам өмірін әлеуметтік және өзіндік мағына мен қуанышқа толтыруға бағытталған шаққа аяқ басты.

Таным мен шығармашылық бүгінгі білім берудің қайнары. Оның табысы жеке басының өсу дәрежесіне байланысты – азаматтық сәйкестендіру, құқықтық сауаттандыру, жан-жақты және көшбасшылық қасиеттерді дамыту, мамандық пен өнерде өзін-өзі табу. Ең бастысы бұл кәсіби білім беру, студенттерді дамыту мен тәрбиелеуге қатысты.

**«Тарих, география және әлеуметтік пәндер»
кафедрасының аға оқытушысы
ЖАКИШЕВА Айсұлу**

01/23 2014

Қайырымдылық: Жыл басы игі істерден басталды...

Рейтинг

-
- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

Жарияланды: Жаңалықтар

- қаріп мөлшері
- Басып шығару
- Жіберу

Жақында ИнЕУ-дің оқытушылары мен студенттері құрамынан құралған бір топ бастамашылар Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Кемтар балаларды сауықтыру облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиеленушілеріне арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Әр адамның өмірі әр қилы. Қоғамымыздағы көмекке мұқтаж жандарға үнемі сыпайылық танытып, барынша қолдауымыз біздің міндетіміз. Қаламыздағы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Кемтар балаларды сауықтыру облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қосдаулетова Айман Мұхамедқалымқызының айтуы бойынша, бүгінде мүмкіншіліктері шектеулі жеткіншектердің саны аз емес. Тәрбиеленіп жатқан әр баланың өзіндік ерекше қабілеттері бар. Олардың өнерін тәрбиешілер өрге асырады.



«Энерліге есік ашық» демекші, бүлдіршендердің шебер қолымен жасалған жаңа жылдық ойыншықтар мен қолөнер бұйымдары ИнЕУдің әрбір оқу корпусында көрмеге қойылып, сатылды. Жүзге жетіп қалған, шығармашылық идеяларымен ерекшеленген бұйымдар студенттердің назарын бірден аударды. Өмірге өзге көзқараспен қарайтын бұл балалар ел

ертеңі, қоғам мүшесі болары анық. Осыған орай, әп сәттен қол ұшын беріп, зор көңіл бөлуіміз керек.



Аталмыш көрме аз уақытта көпшіліктің назарына ілікті. Университет оқытушылары мен студенттері естелік, сыйлық ретінде дарынды қолөнер шеберлерінің бұйымдарын сатып алды.

Қайырымдылық акцияның қорытындылауы Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Кемтар балаларды сауықтыру облыстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілді. Әлеуметтік мәселелер және жастар ісі жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қайырбекова Б.Д. аталмыш мекеме басшылығы мен қызметкерлеріне мадақтама, алғыс хаттарын табыс етіп, ИнЕУ атынан қаржылай көмек көрсетіп, жылы лебізін білдірген болатын.

Университеттің қоғамдық өміріне белсене ат салысып жүрген, танымал студенттеріміз, әзіл әлемінде өз орнын тапқан Жайдарман ойыншылары бүлдіршіндерге қойылымдар қойып, ойын ойнап, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Адам баласы біріне бірі түсінушілікпен қарап, пейілін танытып отырса, еліміздің үлкен де кіші азаматы бір сәтте бақытқа бөленер еді. ИнЕУ жыл басынан қоғам мәселелерін негізге алып отыр, алдағы уақытта осы игі істер жалғасын табатынына сөзсіз сенеміз.

Айсұлу ЖАКИШЕВА
Білім академиясының тәрбие ісінің орынбасары

04/17 2014

Пікірталас: Дін және ғылым сабақтастығы

Рейтинг

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

Жарияланды: Жаңалықтар

- қаріп мөлшері
- Басып шығару
- Жіберу

Жуырда Инновациялық Еуразия университетінің ұйымдастыруымен «Дін саласындағы мемлекеттік саясат» атты тақырыпта пікірталас алаңы өткізілді.

Аталмыш шараға Павлодар облысы әкімінің орынбасары, с.ғ.д. Арын Аманкелдіұлы Орсариевтың, және облыс әкімінің бас инспекторы-Д.К.Закарьяновтың, облысымыздың дін істері басқармасының басшысы - Е.М Рахымжановтың сол сияқты университеттің оқытушылық - профессорлық құрамы қатысқан болатын. Қарастырылған басты мәселе діни бағыттың облысымыздағы даму жағдайы, және мәселелердің түйткілін шешу жолдары талқыланды.



Орсариев Арын Аманкелдіұлы: «Көп конфессиялық Қазақстанымызда дін саласында тұрақтылықты сақтау мемлекеттің негізгі бір міндетіне айналып отыр. Өйткені діннің қоғамдағы ролі күннен күнге артып келеді. Еліміз тәуелсіздігіне ие болғаннан бері конфессиялық құрылым мен дін ахуалы көп өзгерістерге тап болды» - деп өз баяндамасында тоқталды. Пікірталаста дінге қатысты тақырыпты қарастыруда өкілдер мен оқытушылар құрамы қызу талқылады.

Шара барысында қазіргі таңда Павлодар облысында 138 діни бірлестік тіркелсе, 1991 жылы 9 діни қоғам болса қазіргі таңда бұның саны арта түскен. Мұндай бірлестіктердің динамикалық өсуі конфессиялық құрылымды толығымен өзгертіп, өзгеріс республика сол сияқты біздің облыста да өзгеріске ұшырап отыр. Соңғы уақытта дін саласы аясында бірнеше мәселелер туындауда. Біріншіден, дәстүрлі емес діни қоғамдардың насихат жұмыстарын жүргізуі, екіншіден, республика және аймағымызда радикалды діни идеологияның таратылуы.

Сонымен қатар бұл мәселелердің алдын алуда мемлекеттік органдар діни бірлестіктермен тығыз байланыста болып, бұқаралық ақпарат құралдары және білім мекемелерін қатыстыртуды қолға алуы керек. Осы бағытта: тұрғындар мен жастар арасында діни сауаттылықты арттыру, қоғамда толеранттылық принципті қалыптастыру; ұлттық, рухани және діни дәстүрлерді сақтау мен бекіту қажет. Діни экстремистер идеясынан қорғау мақсатында дәстүрлерімізді негізге ала отырып, патриоттық рухты сенімді құралға айналдырумыз қажет.

Пікірталас алаңында «Діни дискурстағы прагматика» атты курстың мүшәйрасын «Журналистика және филология» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д. профессор А.Р. Бейсембаев көрсетті. Сол сияқты «Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Г.Қ. Билялова «Діни экстремизмнің профилактикасы» атты мемлекеттік қызметкерлерге арналған курстың презентациясын жұртшылық қауымға ұсынды.

Өткізілген шараға университетіміздің «Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент С.З. Раздыковтың бастамасымен кафедра ұжымы және магистранттары белсенді қатысып, шараны ұйымдастыруға белсенділік танытты. Шара соңында туындаған мәселелерді шешудің жолдары ұсынылды. Облыс әкімі Павлодар облысы әкімдігінің атынан «Аумақ дамуындағы әлеуметтік мәдени саясатының іске асырылуы» атты пікір талас алаңын ұйымдастырып, «Дін саласындағы мемлекеттік саясат» атты өзекті тақырыпты қорытындылады.

Мұндай шаралар университет қабырғасында әр апта сайын ұйымдастырылатын болады. Өзекті мәселелерді талқылап, олардың шешу жолдарын айқындауда, пікір талас алаңының жұмысы жемісті болып, толағай табыстарға жете берулеріне тілектеспіз.

**Инновациялық Еуразия университетінің
«Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасының
аға оқытушысы Жакишева Айсұлу**

04/17 2014

ТАРИХТА ТАНЫЛҒАН ҮЗДІКТЕР

Рейтинг

-
- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

Жарияланды: Жаңалықтар

- қаріп мөлшері
- Басып шығару
- Жіберу



Жуырда Инновациялық Еуразия университетінің «Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша, «Баянауыл ішкі округының құрылғанына 150 жыл» атты аймақтық мектеп оқушылары арасында олимпиада ұйымдастырды.

Олимпиада негізінен екі турдан құралып, бірінші турға 140 оқушы қатысса, екінші айналымға 64 оқушы сыннан өтті. Олимпиада да қаралған тапсырмалар қазақстан тарихы бойынша, сол сияқты «Баянауыл ішкі округының құрылғанына 150 жыл» атты тақырыптағы сұрақтарды қамтыды.

Шара барлық талаптарға сәйкес өтіп, ең үздік деп танылған тапсырмаларды орындаушылар іріктелді. Атап кетері бұл олимпиада дәстүрлі түрде ұйымдастырылып жүр. Ең басты жұлде «Тарих» мамандығы бойынша бір жылдық оқуға арналған ректор гранты. Бұл жолы да олимпиада өңіріміздің түкпір-түкпір аудандарынан мектеп оқушылары қатысты. Қуантарлығы бұл олимпиадаға қатысушылардың ынтасы жылдан жылға артып келеді. Бұл бізге жас жеткіншіктер арасында тарихқа деген қызығушылық, сонымен қатар университетке оқуға түсем деген оқушылардың артып келе жатқанын білдіреді. Олимпиада қорытындысы бойынша кафедра оқытушылары құрамасынан құралған комиссия мүшелері: т.ғ.к., профессор Б.Ш.Рахматулла, т.ғ.к., доцент С.З. Раздыков, т.ғ.к., доцент Б.О.Медетов, т.ғ.д., профессор Қ.Ж.Нұрбаев, т.ғ.к., доцент А.М.Тұрлыбекова, т.ғ.к., доцент Е.М.Торайғыров т.б. білгірлерді анықтап берді. Бас

жүлдені «Тарих» мамандығы бойынша бір жылдық оқуға арналған ректор грантын Павлодар қаласының №20 лицейдің 11-сынып оқушысы Жүсіпова Аялым, II-орынды №34 мектеп оқушысы Айдаркенова Карина, III-орынды «Жас Дарын» мектебінің оқушысы, Жұмағұл Дана атанды. Сонымен қатар мектеп оқушыларына кафедраның аға оқытушылары І.Е.Ерболқызы мен Д.А.Франк кәсіби бағдар беру мақсатында кафедра мамандықтарымен таныстырып, университетімізге оқуға түлектерді шақырды. Кафедраның аға оқытушылары М.Т.Уксукбаева мен А.А. Жакишева оқушылар арасында «Тәуелсіз елдің білгірлері» атты сайыс өткізді. Олимпиаданың өз деңгейінде ұйымдастырылып, өтуіне ат салысқан кафедра оқытушылары Д.Т.Сыздыкова, Г.Ж. Альназарова, Г.Қ. Билялова өз үлестерін қоса білді.

Болашағымыз жарқын да, айқын болатынына сеніммен қарайтын ғалымдардың жас жеткіншіктерден күтері мол.

**«Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасының
аға оқытушысы Жакишева Айсұлу**

Оқу 53 Время

Жаңартылды Friday, 25 April 2014 12:29

Шынар Байжекина

Соңғы жариялымдар Шынар Байжекина

- ИНЕУ студенттері Рәміздер күнін атап өтті
- «Балдаурендегі» каникул
- «IT-Ғаламшар 2013/14» олимпиадасы
- Медиация: шиеленістерді шешуді үйренеміз
- «Джамбори»: Әлемді жақсырақ қыл!

Подробнее в этой категории: « Дүниетаным: Өлкені тану мұражайдан басталады
Жеңістеріңмен! »

01/24 2014

Кәсіби бағдар беру: Болашақ мамандықпен танысу

Рейтинг

-
- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

Жарияланды: Жаңалықтар

- қаріп мөлшері
- Басып шығару
- Жіберу

Қазіргі білім берудегі басты мәселе- білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екенін елбасымыз баса айтып өтеді.

Елімізде қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан өзгерістер білім беру салаларына айрықша ықпал етуде. Елбасының жолдауында да білім беру сапасын арттыру, жоғары деңгейге ие кәсіби тұлға қалыптасуын қамтамасыз ету, ұлттық мұраларды пайдалана отырып, жастарға тәлім-тәрбие беру мазмұнын жетілдірудің қажеттілігі айқындала түсуде.



Осы ретте университетіміздің Білім Академиясы жаратылыстану-гуманитарлық факультетінің «Тарих, география және әлеуметтік пәндер» кафедрасының меңгерушісі С.З.Раздыков және аға оқытушылар А.А.Жакишева, І.Е..Ербол, А.Е.Ахметова Шарбақты ауданы мектептеріне кәсіби бағдар беру мақсатында мектеп түлектерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында Шарбақты ауданының №1, №2, Абай атындағы мектеп, Хмельницкий орта мектебінің оқушыларымен ҰБТ мәселесі, және университет мамандықтарымен

таныстырып өттік. Біздің кафедра жоғары білікті мамандарды даярлайтын ұжым ретінде университетте беделге ие. Кафедра «Құқық негіздері және экономика», «Тарих», «География», «Әлеуметтану» (магистратура) сынды мамандықтар бойынша студенттерді дайындайды. Аталмыш сала бойынша білім алып, маман атанған жастар оқуларын бітіргеннен кейін әкімшілік, білім мекемелерінде ғылыми қызметкер, жобалау, ғылыми-зерттеу институттарында, табиғатты қорғау органдары мен табиғатты пайдалану басқармасында, туристік фирмаларда, білім жүйесінде менеджер, арнайы мамандырылған мекемелерде әлеуметтік педагог, сол сияқты мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде әдіскер, кеңсе меңгерушісі, және т.б. лауазым иелері атана алады. Онымен қоса, ғылыми-зерттеу орталықтарында мемлекеттік басқару органдары мен түрлі меншік нысандарында, туристік – рекреациялық әрекеттер сферасында маман, экскурсия жүргізуші, қоршаған ортаны қорғау инженері, ғылыми-зерттеу институтында маман ретінде қызмет атқара алады. Ал ұстаз болуды қалағандары мектепте, лицей, колледждерде мұғалім атануға мүмкіндік бар. Жүздесу барысында түлектер университетіміз жайлы және әр түрлі мамандықтар туралы мәліметтермен таныс болды.

Сонымен қатар университетіміздің техникалық базасы, кітапхана қоры, шынықтыру залдары және студенттермен өткізілетін тәрбиелік шараларға тоқталдық. Түлектерді кафедрамыз ұйымдастыратын археологиялық қазба жұмыстарына қатысатындары жайлы мәліметтер қызықтырды. «Тарих» мамандығы бойынша тәлім алып жатқан студенттеріміз жыл сайын Қарағанды облысы және басқа да облыстарына зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ал «География» мамандығы бойынша оқитын студенттер Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, «Серый луг» елді-мекенінде, Павлодар облысы «Баянауыл» МТҰС-да кешенді оқу-далалық тәжірибеден өтеді. Себебі оқушылардың қойған сауалдарына байланысты, университетіміздің мамандықтарына деген құлшыныстары басым екені байқалды.

Әрине, заман ағымымен қатар білім берудің әдіс-тәсілдері де өзгеруі тиіс. Бұл ретте үнемі жаңашылдықтарға жаны құмар, оқу жүйесін әлемдік талаптарға сай заманауи инновациялық технологияларды қолдану арқылы жетілдіріп отыруда университетіміз жоғары оқу орындары арасында беделге ие озық оқу орыны болып табылады.

Айсұлу ЖАКИШЕВА,